

Бекітемін
«Маржан-Ана» б/б меңгерушісі
Шиналиева С.Т.
29.08.2024 ж.



Педагогикалық кеңестер жопары 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процесінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№1 пед.кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.	Тамыз	Меңгеруші
2	Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту.		Әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева
3	2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту; -жылдық мақсат пен міндеттерді; -оқу жоспарларын, вариативтік бөлімін бекіту; -ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі; -перспективалық жұмыс жоспарлары; -күн тәртібінің кестесін бекіту.		Меңгеруші
4	Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту.		Әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева
5	«Мен 2024-2025 оқу жылы...» мақсатты тренинг.		
6	«Үздік дамытушы орта» байқауын қорытындылау.		

№ 2 пед.кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	№1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.	Қазан	Меңгеруші
2	«Ұлттық құндылықтар бақшада қалыптасады» баяндама.		Тәрбиеші Д.О.Оспанова
3	«Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойындар». Шеберлік сағат.		Әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева
4	«Мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру-сауықтыру қызметінің жүйесі». Баяндама.		Тәрбиеші Р.Джумалиева
5	Тақырыптық бақылау. «Мектепке дейінгі ұйымда балаларды сауықтыру шаралары».		Мейірбике К.М.Сариева

№3 пед.кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	№ 2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы	Желтоқсан	Меңгеруші
2	«Жас ата-аналар» мектебі аясында шеберлік сағаты.		Тәрбиеші Р.Джумалиева
3	«Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз» іс-тәжірибе.		Тәрбиеші М.Баимбетова
4	«Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты.		Тәрбиеші Д.Оспанова
5	«Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты.		Тәрбиеші Ш.Дәуренова

№4 пед.кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1.	1.№3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы. 2.«Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері». Баяндама. 3.Экологиялық мерекелер. 4.«Экологиялық ойындар».Баяндама. 5.Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру. 6.Табиғатта тәрбиенушілердің экологиялық санасы мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.	Наурыз	Меңгеруші Әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева Тәрбиеші Д.Оспанова Тәрбиеші Р.Джумалиева Тәрбиеші Ш.Дәуренова Тәрбиеші М.Баимбетова

№5 пед.кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1.№4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы. 2.Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп,тәрбиешілердің жұмысының есебі. 3.«Бір жылғы жетістіктерімізді қорытындылайық» педагогтердің қорытынды есептері бойынша тренинг-жаттығулары. 4.2024-2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика). 5.Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау. 6.Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту. 7.Әр түрлі мәселелер.	Мамыр	Меңгеруші Барлық тәрбиешілер Әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева Әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева Меңгеруші Барлық педагогтар

№1 педагогикалық кеңестің күн тәртібі

Тақырыбы «Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары».

Мақсаты: 2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу-оқыту жұмысын ұйымдастыру. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Тамыз кеңесі материалдарымен таныстыру.

Өткізген күні: 29 тамыз 2024 жыл

Қатысқан: 8 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: меңгеруші С.Т.Шиналиева

Хатшы: Б.Ж.Бейсенбаева

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай меңгерушісі С.Т.Шиналиеваның алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру.

2. Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

3. Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту.

4. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту:

- жылдық мақсат пен міндеттерді;
- оқу жоспарларын, вариативтік бөлімін бекіту;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі;
- перспективалық жұмыс жоспарлары;
- күн тәртібі кестесін бекіту.

5. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту.

6. «Мен 2024-2025 оқу жылы...» мақсатты тренинг.

7. «Үздік дамытушы орта» байқауын қорытындылау

8. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

2024-2025 оқу жылының №1 педкеңесі дәстүрден тыс тәсілде өтті. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгеруші С.Т.Шиналиева сөз алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі. 2023-2024 оқу жылына қорытынды жасалынып, жасалған жұмыстардың нәтижесін атап өтті. Тәрбиеленушілердің мониторингісіне тоқталып, балалардың коммуникативтік білім дағдыларын дамыту бойынша іс-әрекеттерді көбейтуді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстырды. Биылғы бағдарлама жоспары бойынша «DIGITAL KAZAKHSTAN: Заманауи білім беру» бағыты негізінде балалар

мен педагогтарды жасанды интеллект түрлерімен таныстыруды бастайтынын айтты және кешенді жұмыстар басталатынын жеткізді.

2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру жүргізді. Презентацияда әр бөлім бойынша өзгерістер толықтай айтылды, бағдарлама аясында бөбекжай миссиясы анықталды. Жаңа оқу жылы жасанды интеллект технологияларын меңгеру жылы болатынын ескертті, онымен қоса балаларға экологиялық білім беру, қауіпсіздік туралы нұсқаулықтар жан-жақты түсіндірілді.

2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдама бойынша «Біртұтас тәрбие» бағытында кешенді бағдарлама аясында жұмыс жасалатынын айтып, дамытушы орталықтарды кеңейтуді ескертті. Балаларға арналған ұлттық бұрышта арнайы қамшы өру, шаш өру бұрыштарын және балаларға арнайы жайлы демалыс орны болуы керектігін де атап өтті. Тәрбиешілердің сұрақтарына жауап берілді, нұсқаулық бойынша аналар, әжелер, әкелер мектебі бойынша кешенді жұмыстар жалғасатынын да айта кетті.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын қорытындылады. Жазғы сауықтыру кезеңінде әр апта сайын ауданға есеп жіберіліп отырды, ресми парақшаға жазғы сауықтыру кезеңінде 4 видеоматериал жүктелгенін атап өтті.

«Құрметті педагогтар, сіз үшін жазғы сауықтыру кезеңі қалай өтті?» тақырыбында жасанды интеллект көмегімен қорытынды жасасақ. Шедеврум аи нейрожелісі арқылы жазғы сауықтыру кезеңін қорытындылайық. Сіз өз сипаттамаңыз бойынша нейрожелі көмегімен сурет саласыз, салынған суретке түсіндірме жасалды. Педагогтардың нейрожелі арқылы салған суреттері:





Төртінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. 2024-2025 оқу жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хат негізінде мерекелік іс-шаралар талқыланды. Жаңа оқу жылындағы өзгерістер айтылды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді. Барлық топтарға ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, вариативтік бөлім кестесі, перспективалық жоспарлары, таңғы жаттығу және әнұран айту кестесі, күн тәртібі кестесін бекітіліп, таратылды.

Бесінші мәселе бойынша күзгі аттестациядан өтетін педагогтардың тізімі анықталды, портфолио мен тестілеуге дайындықты бастауды тапсырды.

Алтыншы мәселе бойынша әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева «Мен 2024-2025 оқу жылы...» мақсатты тренингісін өткізді. Мақсаты: әр педагог жаңа оқу жылына мақсат қою, мақсатқа жетуі үшін алдына міндеттер қою, №5 педагогикалық кеңесте осы жазылған міндеттері бойынша қорытынды жасалатынын ескертті.

Жетінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылының «Үздік дамытушы орта» байқауына қорытынды жасалды. Қорытынды нәтижесінде МАД «Нұр» тобының тәрбиеші Д.О.Оспановаға диплом табысталды.

Әр түрлі мәселелер бойынша кәсіподақ төрайымы өзгертілді. Кәсіподақ төрайымы болып бақша мейірбикесі К.М.Сариева бекітілді.

Ішкі тәртіп ережелерін қайта айтып меңгеруші педагогтарға жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңестің шешімін қабылданды.

Қаулы:

1. 11 қыркүйекке дейін топтардың жеке іс-қағаздары тапсырылсын.
2. Қыркүйек айының екінші аптасында перспективалық жоспарлар бекітілсін.
3. Ішкі тәртіп толықтай сақталсын, жұмысқа уақытылы келсін.
4. Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.
5. Білім беру-тәрбиелеу процестеріне ата-аналар тартылсын. Ашық есік күндері ұйымдастырылсын

6. Жасанды интеллект технологияларын меңгеру бойынша педагогтар арасында жиі шеберлік сағаттары өткізілсін.

С.И. Шиналиева
Б.Ж. Вейсенбаева

№2 педагогикалық кеңестің хаттамасы

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру- сауықтыру қызметінің жүйесі» Дөңгелек үстел

Мақсаты: мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мамандарының ойын құзыреттілігін арттыру. Балаларды жан-жақты дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді, түрлі технологияларды енгізу, педагогтардың білімдерін кеңейту.

Өткізген күні: қазан

Қатысқан: 8 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: меңгеруші С.Т.Шиналиева

Хатшы: Б.Ж.Бейсенбаева

Күн тәртібінде:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2 «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойын әдіс – тәсілдерін қолдану жолдары» баяндама.
- 3 «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойындардан шеберлік сағаты.
4. «Мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру- сауықтыру қызметінің жүйесі» баяндама.
- 5.Тақырыптық бақылау.«Мектепке дейінгі ұйымда балаларды сауықтыру шаралары».
6. Әр түрлі мәселелер
7. Педкеңес қорытындысы, шешім қабылдау.

Педагогикалық кеңес дәстүрлі түрде өтті.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева тоқталып, қабылданған шешім қорытындысында іс-шаралардың қаншалықты орындалғанына назар бөліп, толықтырылмаған жұмыстарға белгілі уақыт белгілеп, орындалуын талап етті. Және атқарылған шаруаларды толық қанағаттанбағандығын атап өтті.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру-сауықтыру қызметінің жүйесі дөңгелек стол басында талқылау жұмыстарын әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева өткізіп, дене шынықтыру мен сауықтыру қызметінде мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жұмысының сапасын және тиімділігін арттыру қазіргі педагогика ғылымының және қоғамның алдына қойған маңызды ісі болып табылады. Ал дене тәрбиесі арқылы баланың денсаулығын нығайту, өмірге қажетті қозғалыс дағдыларының дұрыс қалыптасуын іске асыру мемлекеттік маңызды жұмыс. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп

жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтетіндігін айта отырып, тәжірибе түрінде бірлесіп, ортаға салды.

Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмінің қызметін жетілдіру, оның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы, жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылатындығына барлық тәрбиешінің көзін жеткізді.

Сонымен бірге, стол барысындағы әңгімеде -бұл міндеттердің маңыздылығы мынада: ағзаның тез өсуіне және дамуына қарамастан, олардың қызметі жетілмеген, организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды, сондықтан сүйек жүйелері мен байланыс буын аппаратының дұрыс әрі мерзімімен жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне ықпал жасау қажет екендігіне көз жеткізді.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойындардан» шеберлік сағатын жүргізді. Шеберлік сағаты нені қамтыды:

1. Қозғалыс белсенділігін дамыту және үйлестіру, дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру.
2. Денсаулықты нығайтуға көмектесетін ептілік, жылдамдық және үйлестіре жүру, жүгіру, секіру, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту.
3. Нейрогимнастикалық ойындарды тиімді ұйымдастыру.
4. Ритмикалық ойындар ойнауда әуендерді дұрыс таңдау.
5. Салауатты өмір салты туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру.

Осыған байланысты нұсқаудың негізгі мақсаты – аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін тиімді әдіс-тәсілдер, құралдар мен технологияларды көрсету. Дәстүрден тыс ойындар туралы мәлімет беріп, келешекте оқу-тәрбие жұмыстарында кеңінен пайдалануға кеңес берді.

Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші Д.О.Оспанова «Мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру-сауықтыру қызметінің жүйеі» атты баяндамамен таныстырды.

Балалар денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған іс – шараларды жүзеге асыру. Салауатты өмір салты туралы біліммен дағдыны қалыптастыру. Алған білімдерін күнделікті пайдалана білуге үйрету.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата – ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала бақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөлінеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор.

Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл – ойы айқын, өз – өзіне сенімді, жан – жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс дене құрлысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады, деп түсіндіріп көрсетті.

Бесінші мәселе бойынша медициналық тұрғыда балабақша балаларының денсаулығын жақсарту мақсатында жүргізілетін түзетушілік жұмыстарын, сауықтыру шараларын тиімді ұйымдастыру, талдау жасау туралы мониторинг түрінде бақша мейірбикесі К.М.Сариева «Мектепке дейінгі ұйымда балаларды сауықтыру шаралары» тақырыптық бақылаудың нәтижесімен таныстырды. Дені сау, психологиялық және интеллектуалдық тұрғыда жан — жақты қалыптасқан, бастауышқа дайын болған тәрбиенушілерді дайындауымыз керек екенің айтты. Тәрбиешінің балалармен жұмыс жүргізуіндегі денсаулық сақтау технологиялары баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене жаттығуларын жасауға қызғушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуда мектепке дейінгі мекемеде денсаулық сақтау технологияларының түрлері:

Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ ұйымдастырған өте ұтымды болады. Ертеңгілік жаттығуда әртүрлі формаларды қолдану:

- Таңертеңгі жаттығудан кейін тыныс алу немесе тұзды жолмен жүру өте тиімді.

Қаулы:

1. Педкеңесте қозғалған өзекті оқу-тәрбие жұмыстарына қатысты іс-шараларды жүзеге асырып, қорытындысын келесі кеңесте талқылау.
2. Барлық тәрбиешілер дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттерге жауапкершілікпен қарау.
3. Балабақша тәртібін сақтап, жағымды оқу әрі жандандыру.

Хатшы:

Ж.Бейсенбаева



№ 3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Бөбекжай мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық»

Мақсаты: Бөбекжай мен ата-аналар арасында өзара ынтымақтастық орнату және нығайту. Ата-аналарды тәрбие процесіне белсенді түрде тарту. Балалардың дамуына ата-аналардың рөлін арттыру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді талқылау және қолдану. «Жас ата-аналар», «Аналар мектебі» және «Әкелер мектебі» аясындағы жұмыстарды жетілдіру. Ата-аналармен қарым-қатынасты заманауи әдістер арқылы тиімді ұйымдастыру.

Өткізген күні: 19.12.2024 жыл.

Қатысқан: 8 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: меңгеруші С.Т.Шиналиева

Хатшы: Б.Ж.Бейсенбаева

Күн тәртібінде:

1. № 2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп.

2. «Жас ата-аналар» мектебі аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Р.Джумалиева.

3. «Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз» іс-тәжірибе. Тәрбиеші М.Баимбетова.

4. «Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші Д.Оспанова.

5. «Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші Ш.Дәуренова.

6. № 3 педагогикалық кеңестің шешімі.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі С.Т.Шиналиева сөз алды.

1. № 2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп.

Балабақша меңгерушісі № 2 педагогикалық кеңестің шешімдері бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Атап айтқанда:

1. Цифрлық технологиялармен жұмыс жасауда нейрожелілермен жұмыс жасау басшылыққа алынсын.

2. Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.

3. Жасанды интеллект технологияларын меңгеру бойынша педагогтар арасында жиі шеберлік сағаттары өткізілуі әдіскерге жүктелсін.

Аталған қаулы бойынша жұмыстардың орындалуына оң баға берілді.

Қорытынды: Шешімдер толық көлемде орындалды. Жаңа жоспарлар жасау қажеттілігі атап өтілді.

Тындалды:

2. «Жас ата-аналар» мектебі аясында шеберлік сағаты.

Тәрбиеші Р.Джумалиева жас ата-аналарды балабақшаның тәрбие жұмысына тарту үшін қолданылған әдістерімен бөлісті. Шеберлік сағатында

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы:

«Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық санасы мен табиғатқа деген жанашырлық көзқарасын қалыптастыруда тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау және тәжірибеде қолдану жолдарын жетілдіру; педагогтердің экологиялық тәрбие беру ісіндегі кәсіби құзыреттілігін арттыру; отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайта отырып, тәрбиеленушілердің табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін дамыту.

Күні: 2025 жыл, "11" наурыз

Өткізілген орны: меңгерушінің кабинеті

Уақыты: 13.00.

Қатысқандар: 6 педагог

Қатыспағандар: 0 педагог

Төрайымы: бөбекжай меңгерушісі

Хатшы:Оспанова Д.О.

Күн тәртібі:

1. № 3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері.
Әдіскер: Бейсенбаева Б.Ж.
3. Экологиялық мерекелер. Тәрбиеші: Оспанова Д.О.
4. Экологиялық ойындар.Тәрбиеші:Джумалиева Р.М.
- 5.Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру.
Тәрбиеші: Дәуренова Ш.М.
- 6.Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру. Тәрбиеші: Баимбетова М.С.
7. №4 педкеңес шешімін шығару.

Тыңдалды:

Бөбекжай меңгерушісі Шиналиева С.Т. №4 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып, №3 педагогикалық кеңес шешіміне тоқталып, оң бағасын берді.

Тыңдалды:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері
Баяндамашы: Әдіскер Бейсенбаева Б.Ж.

-Бейсенбаева Б.Ж. экологиялық тәрбиенің маңыздылығын атап өтіп, мектепке дейінгі балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятудың негізгі әдіс-тәсілдері туралы баяндама жасады.

-Экологиялық білім беруде табиғи материалдарды пайдалану, бақылау, тәжірибелер жүргізу, әңгіме, сұрақ-жауап әдістерін қолданудың тиімділігі туралы ұсыныстар берілді.

- Педагогтарға балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, экологиялық тәрбиені ойын арқылы ұйымдастыру ұсынылды.

Тыңдалды:

2. Экологиялық мерекелер.

Баяндамашы: Тәрбиеші Оспанова Д.О.

Экологиялық тақырыптағы мерекелерді ұйымдастырудың маңызын түсіндіріп, оларды өткізу формаларын атап өтті.

- «Құстар күні», «Ағаш отырғызу күні», «Су – тіршілік көзі», «Таза ауа – денсаулық кепілі» сияқты мерекелік іс-шаралар балалардың экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталғаны айтылды.

- Мерекелердің балаларға танымдық әсері зор екендігі, табиғатқа деген ұқыптылық пен жанашырлық сезімін тәрбиелейтіні аталып өтті.

Тыңдалды:

3. Экологиялық ойындар.

Баяндамашы: Тәрбиеші Джумалиева Р.М.

- Спадуллаева Ж.А. экологиялық тақырыпта қозғалыс ойындарын және дидактикалық ойындарды өткізудің әдістерімен бөлісті.

- «Табиғатты қорға», «Су тамшысы», «Орман достары», «Құстарға көмектесейік» ойындары көрсетіліп, балалардың экологиялық мінез-құлқын қалыптастырудағы рөлі түсіндірілді.

-Ойын арқылы балаларға табиғатты қорғау ережелерін үйрету, экологиялық дағдыларды дамыту жолдары ұсынылды.

Тыңдалды:

4. Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру

Баяндамашы: Тәрбиеші Дәуренеова Ш.М.

- Искакова Л.А. ата-аналардың балаларды табиғатты қорғауға үйретудегі рөлін атап өтті.

- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың формалары: әңгіме, ата-аналар жиналысы, практикалық шеберлік сабақтары ұсынылды.

- Балабақша мен отбасының тығыз байланысы балалардың экологиялық тәрбиесін тиімді етуге ықпал ететіні көрсетілді.

Тыңдалды:

5. Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру

Баяндамашы: Тәрбиеші Баимбетова М.С.

- Худабаева А.К.балалармен табиғат аясында экскурсиялар, бақылау жұмыстарын жүргізу арқылы экологиялық сананы қалыптастыру туралы баяндады.

- Балаларға «коқыс тастамау», «ағаш сындырмау», «құстарға жем шашу» сынды нақты әрекеттерді үйрету қажеттілігі айтылды.

- Әр баланың табиғатқа деген жауапкершілік сезімін ояту бағытында жүргізілетін жұмыстар талқыланды.

Тыңдалды:

Барлық баяндамалар тыңдалып мен шеберлік сағаттар мен тәжірибе бөлісу өткізіліп, ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

№4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер:

1. Педагогтерге мектепке дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу ұсынылсын.
2. Әдіскер Бейсенбаева Б.Ж.-ге 2025 жылдың соңына дейін экологиялық тәрбие бойынша әдістемелік құрал дайындау тапсырылсын.
3. Тәрбиешілерге
(Д.О.Оспанова,Р.М.Джумалиева,Ш.М.Дәуренова,М.С.Баимбетоваларға)
балалармен және ата-аналармен экологиялық іс-шаралар ұйымдастыруды жалғастыру ұсынылсын.
4. Тәрбиешілерге экологиялық ойындарды оқу іс-әрекеттеріне ендіру тапсырылсын.
5. Балабақша ауласында «Экологиялық бұрыш» ұйымдастыру жұмыстары қолға алынсын (жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер).

Бакша меңгерушісі:

Хатшы:



Шиналиева

Оспанова

№ 5 педагогикалық кеңестің хаттамасы

Күні: 28 мамыр 2025 жыл

Уақыты: 13.00

Өткізу түрі: Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі
Тақырыбы: «Оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі»

Мақсаты: Мектепке дейінгі мекемедегі барлық тәрбие-білім беру іс-әрекеттерінің, сонымен қатар әрбір педагогтың жеке кәсіби жұмыстарының жыл бойғы қорытындысын шығару.

Қатысқандар:

МДҰ меңгерушісі – С.Т.Шиналиева

Әдіскер – Б.Ж.Бейсенбаева

Барлық тәрбиешілер мен педагог мамандар

Мамандар (музыка жетекшісі, психолог).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы.
2. Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есебі.
3. «Бір жылғы жетістіктерімізді қорытындылайық» педагогтердің қорытынды есептері бойынша тренинг жаттығулары.
4. 2024-2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі қузыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика).
5. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау.
6. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту.
7. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша баяндамашы: меңгеруші С.Т.Шиналиева.

Жыл басында белгіленген іс-шаралардың орындалу барысы талданды. Мақсатты көрсеткіштерге жету нәтижелері туралы қысқаша шолу жасалды. Педагогтармен орындалған әдістемелік, тәрбиелік жұмыстар аталып өтті.

№4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер:

1. Педагогтерге мектепке дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу ұсынылсын.

1. Педагогтерге мектепке дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу ұсынылсын.
2. Тәрбиешілерге (Джумиалиева Р.М., Оспанова Д.О., Баимбетова М.С.) балалармен және ата-аналармен экологиялық іс-шаралар ұйымдастыруды жалғастыру ұсынылсын.
3. Барлық тәрбиешілерге экологиялық ойындарды оқу іс-әрекеттеріне ендіру тапсырылсын.
4. Балабақша ауласында «Экологиялық бұрыш» ұйымдастыру жұмыстары қолға алынсын (жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер).

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша барлық педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есебі тыңдалды.

Баяндамашылар: Барлық педагогтер.

Жетекшілік: Әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева

Әр педагог өз тобы бойынша жүргізген оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін таныстырды. Ашық сабақтар, ата-аналармен жұмыс, шығармашылық жобалар, диагностикалық нәтижелер қамтылды. Жетістіктер мен жетілдіруді қажет ететін тұстар талқыланды. Жылдың басында алдарына қойылған мақсаттардың орындалуын талқылады.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша әдіскер сөз алды. Тренинг-жаттығу: «Бір жылғы жетістігімізді қорытындылайық» барлық педагогтермен өтті.

Жүргізуші: Әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева

Мақсаты: Педагогтердің жыл бойы атқарған еңбектерін ұжымдық талдау арқылы жағымды эмоционалды ахуал қалыптастыру

Тренинг форматы:

«Жетістіктер тізбегі» – әр педагог жетістігін атап, стикерге жазып, тақтаға жапсырады

«Мақтан етемін...» жаттығуы – әр педагог жыл ішіндегі басты мақтанышын айтып өтеді

Қорытынды: әдіскер әрбір педагогтің атқарған ісін қысқаша оң бағамен түйіндейді

Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша 2024–2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі қузыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)

Баяндамашы: Әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева

Сканировано с CamScanner